

«ТАРИХТАҒЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» СЕКЦИЯСЫ
СЕКЦИЯ «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПЕРСОНАЛИСТИКИ»

КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚУДАЛАУЫ (XX Ғ. 20-70 ЖЖ.)

Багтов Т.Д., магистрант

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Кеңес өкіметінің қудалау саясаты қоғамның түрлі өкілдермен қатар, діндарларды да қамтыды. Дегенмен, 70 жыл көлемінде кеңестер билігі жүргізген «атеистік» саясатқа қарамастан, ұстанымдарына берік діндарлар, рухани құндылықтардың бірі діннің, діни ғұрыптардың халық жадында сақталуына өз үлесін қосты.

Тарихшылар барлық діндер секілді, ислам дінінің кеңес үкіметі тұсында ресми, бейресми дамығандығын жазады. Негізінен қазақтар ұстанған ислам дініне қатысты жүргізілген мемлекеттік саясат бүгінде толық зерттелген жоқ. Сондықтан, Қазақстандағы ислам дінінің, діндарлардың қудалануы билік, қоғам, тарихшылар тарапынан зерттеуді қажет етеді. Қазіргі уақытта, кеңес өкіметі тұсындағы православия дін өкілдерінің, баптистердің қудалануы өзекті мәселе ретінде көтеріліп, жоғары деңгейде зерттеліп жатыр. Ал, ислам дінін, діндарлардың тұрмыс-тіршілігі жайлы зерттеулер өте аз. Біздегі зерттеушілер көп жағдайда кеңес кезеңінде ислам болды ма, болған жоқ па деген сауалдың төңірегінен ұзай алмай жүр. Сонымен қатар 1920-1930 жылдар кезеңі бойынша «Сол жылдары мешіттер қиратылды, исламға деген қарсылық болды» деген мәселелерді көтерумен шектелуде.

Шын мәнінде, кеңес үкіметі орнағаннан бастап, одақ көлемінде, сәйкесінше Қазақстанда да ислам діні репрессияға ұшыраған әлемдік діндердің қатарында болды. Қазақстанда бірнеше діни ұйымдар таралған болса, соның ішінде ең діни бірлестік ислам еді. Сондықтан, «атеистік қоғам құруды» мақсат еткен билік күресті ислам дінімен жүргізді. Мысалы, 1918 жылы дінбасыларды сайлау құқығынан айырды. Оның ішінде көп жағдайда біздің тарихшылар шіркеудің дінбасыларын қудалау деп айтып жүр. Жоқ, ол кезде керісінше исламның дін басыларын қудалау жүзеге асырылды.

Қазір «исламға қарсылық соғыс уақытында біраз саябырсыды да, кейін қайта күшіне мінді» деп айтып жүр. Негізі дінге қарсы ең үлкен репрессия Хрущевтің кезінде болды. Оның «ең соңғы попка дейін қудалаймын» деген сөзі бар. Осы сөзден кейін үкіметтік деңгейде дінге деген қарсылық науқаны басталды. Осы мәселеге байланысты немістер баптистерді көп зерттеді, орыстар православия шіркеулері туралы көп зерттеді, католиктер де белсенді түрде зерттеу жасап жүр. Бірақ, тағыда ислам діні назардан тыс қалып жатыр. Көп жағдайда ислам дінін 1960-1970 жылдардағы қазақтардың «тұрмыстық деңгейдегі діні» деп түсіндіріледі. Бірақ, сол кезеңде үкіметке деген қарсылық ислам діні арқылы да көрініс тапты. Исламға үкіметтің қарсы екендігін біле отырып, адамдар осы дінді ұстанды.

XX ғасырдың бірінші жартысында басталған коммунистердің діни қудалау жұмыстары осы ғасырдың екінші жартысында да өзінің жалғасын тапты. Мәселен, Қазақстанда қысқа мерзім ішінде мешіттердің, намазханалар мен шіркеулердің көпшілігі қиратылды. Кеңестендіру жылдарында коммунистер партиясы өздерінің идеологиясын қазақ ауылдарына енгізуге кедергі жасайтын басты тосқауыл осы ислам діні деп біліп, ол дінді тұтынушыларды да тап жауларының қатарына қосып, оларға қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Сол күрес Қазақстанда «коммунистік идея мен дін сыйыспайды» деген ұранды желеу етіп жүргізілді. Бұл қағиданы бетке ұстанған жергілікті «белсенділер» ойларына келгенін істеді. Мешіттер мен шіркеулердің салынуына толық тыйым салып, олардың жұмыс істеп тұрғандарын бұзуға дейін барды. Мешіттер мен шіркеулерді талқандап, қасиетті құрандар мен діни кітаптарды өртеді. Оған дәлел тек бір ғана Атырау өңірінде Ахмедияр Халфе, Еркінғали Ахон, Мырзағали, Қарабала, Хасен хазірет, Маман, Жайық бойындағы Тегісбай және Құспан, Ғаббас мешіттері, Толыбайдағы Хасан, Ғұбайдолла, Нарындағы Әйіп мешіттері бұзылып, онда қызмет еткен молдалар, олардың туыстары Кеңес өкіметінің жауы ретінде қуғындалды [1, 312-313 бб].

Сөйтін, осы кезеңде қазақтарды өз дінінен ажыратуға күш салынды. Тіл мен дін қай халықтың болмасын өнер өсер тиянақты тұғыры екені белгілі. Ал Кеңестер өкіметі қазақ халқын осы құндылықтардан зорлықпен айырды. Дін иелері мен оны тұтынушылар да өз құқықтарынан айрылып,

қуғынға ұшырады. Соның салдарынан Орталықтан басқарылып жүргізілген саясат нәтижесінде халқымыздың басым бөлігі өз діні мен тілінен ажырап қалды. Мемлекеттің бұл уақытқа дейінгі тіл және дін саясатының қандай дәрежеде болғанын М. Шоқай да айтып кеткен болатын. Ол: «Кеңес өкіметі қуғын-сүргінге ұшырату, азапқа салу, аштыққа душар ету, атып өлтіру тәрізді шаралармен өз жоспарларын жүзеге асырып келеді. Адам баласы мүгедектікке қалай үйренсе, кеңестік Ресейдің қол астында қалған тұрғындар кеңестік шаруашылық саясаты тудырып отырған қыспақтарға да солай көнігуде» [2, 2016.].

Әрине дін қоғамды алға сүйрейтін үлкен идеологиялық күш. Оның адамдар өмірінде орны ерекше. Оған мысал ретінде, италяндық ойшыл Томмазо Кампанелланың: «Мемлекеттегі дін мен наным-сенім сұрапыл, дүлей күшке ие, өйткені ол адамдардың жан-дүниесін біріктіреді» - деген анықтамасын айтуға болады [3,77 б.].

Қарағандыда қызмет еткен алғашқы католик діни қызметкер, ұлты неміс Джозеф Кельш болды. Ол 1936 жылы Майқұдық ауылына жер аударылып, жергілікті католиктер арасында белсенді қызмет атқарған. Бірнеше айдан кейін тұтқындалып, 1937 жылы Қарағанды түрмесінде атылды. Өлі күнге дейін олардың тағдыры туралы толыққанды мәлімет жоқ.

Қарағанды өңіріндегі келесі діндар Владислав Буковинский 1904 жылы 3 желтоқсанда Украина аумағында дүниеге келген (1920 жылға дейін ол Польшаға тиесілі болған). 1931-1945 жылдары Польша аумағында діни қызметкер болып жұмыс істеді. Кейін түрлі айыптаулармен Челябинск пен Жезқазғандағы еңбек лагерьлерінде қамауда отырды. Ол жерден 1954 жылы босап, Қарағандыға келін, жұмыс істей бастайды.

1958 жылы 3 желтоқсанда Владислав Буковинский діни ғұрыпты жүргізу барысында пәтерлердің бірінде ұсталып, 3 жылға сотталды. Қамау орындарынан босанғаннан кейін бірнеше рет Владислав Буковинский Польшаға емделуге барды. Мемлекеттік билік оған Польшаға қайтып келуді ұсынғанда, ол адамдарды діни рәсімдерден айырмау үшін кеңес азаматтығын қабылдады. Владислав діндарларды жасырын басқарды. Облыстық атқару комитетінен шіркеу салуға рұқсат алған да болатын. Бірақ, Владислав Буковинский Қарағанды қаласында шіркеу саламын деген ойын аяқтай алмай 1974 жылдың 3-ші желтоқсанында қайтыс болды.

Александр Штауб 1870 жылы 12 желтоқсанда Еділ бойында дүниеге келді. Волғадағы Гатунг ауылында Аббат (монастырлар басшысы) болып жұмыс істеді. Оның ағасы Константин Штауб діни қызметкер болған және Саратов қаласында жұмыс істеген. Репрессия кезінде екеуі де тұтқынға алынды. Александр Штауб Қазақстанға әкелінді және қамалды. Ағасының тағдыры белгісіз.

1955 жылы Гатунг ауылының бұрынғы приходшылары Александрдың босатылғаны туралы естіп, оны Қарағандыға, Майқұдық ауданына алып кетеді. Қартайғанына қарамастан, ол адамдарға қолынан келгеннің бәріне қызмет етті. Өмірінің соңғы жылдарында ол литургияны (мерекелік салт-жоралар) тойлай алмады. Сенушілер оны Майқұдық зиратына жерледі. Содан кейін оның жәдігерлері шіркеудің жанындағы зиратқа ауыстырылды.

Александр Хира Қарағандыда римдік католиктерге діни қызметкер ретінде қызмет ететін грек-католиктік епископ. Әкесі-Корнелий діни қызметкер, анасы -Берта. 1897 жылы, 17 қаңтарда қазіргі Закарпат облысы, Ольховны (Ирговн) ауылында дүниеге келген. Ол гимназияны Мараморош-Сигетте, ал Будапештте теологияны бітірді.

1949-1956 жж. 25 жылға бас бостандығынан және 5 жылға азаматтық құқықтан айырды. 1957 жылдың қаңтарында ол Украинадан бір күн ішінде шығарылды. Содан бері ол Қарағандыда өмір сүріп, заңды қызметін жүргізді. 1983 жылы 26 мамырда Қарағандыда қайтыс болды.

Никита Будка –Австро-Венгрия империясының құрамында болған Добромирка ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 1897 жылы орта білімді алғаннан кейін Австрия-Венгрия, Вена қаласында әскери борышын өтеді. 1905 жылы ол Инсбрукта теологиялық білімін аяқтады және сол жылы 25 қазанда епископ Андрей Шептицкий оны діни қызметкер етің тағайындады.

1912 жылы 15 шілдеде Рим Папасы Пиус XI оны Патара қаласының титулды епископы және Канададағы украин грек-католиктерінің епископы етіп тағайындады, онда ол украиндық грек-католиктік мегаполистің одан әрі дамуының негізін қалады. 1912 жылы 13 қазанда Львовта қасиетті рәсім болды. 1924 жылы Йорктаун қаласында грек-католик дінбасыларының бірінші кеңесін шақырды. 1927 жылы құрметті епископ атағын сақтап, отставкаға кетті.

1945 жылы 11 сәуірде оны украиндық грек-католик шіркеуінің басқа епископтарымен бірге кеңестік құпия қызметтер тұтқынға алды. Сот оны ерекше режимдегі лагерьлерде 8 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесіп, жазасын Қазақстанда өтеуге тағайындады, ол 1949 жылы 1 қазанда Қарағанды түбіндегі лагерьде ауыр жұмыстан қайтыс болды. Қаражар ауылының жанындағы Қарлағ қорымдарының біріне жерленгені туралы деректер болғанымен, жерленген жері белгісіз.

Сондай-ақ Қарағандыда қызмет еткен діни қайраткерлер: Михаил Стонес, Михаэль Бенгас, Владислав Джепанки, Иосиф Кучинский, Альбинас Думбляускас о. Иосиф Шабан, о. Стефан Пришляк, о. Янис (Андрей) Равловский [4].

Сөздің шынайы мағынасындағы реабилитацияның құқықтық және заңнамалық негізде жүзеге асуы 1989-1991 жылдары орын алды, атап айтқанда мына жарлықтардың негізінде: 1989 жылдың 16 қаңтарындағы «30-40 және 50-жылдардың басында орын алған репрессия құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру бойынша қосымша шаралар туралы» КСРО ЖКП Жарлығы, 1989 жылдың 14 қарашасында «Мәжбүрлеп жер аударуға ұшыраған халықтарға қарсы репрессиялық актілерді заңсыз деп тану мен олардың құқықтарын қамтамасыз ету туралы» КСРО ЖК декларациясы; 1990 жылдың 13 тамызындағы «20-50 жылдардағы саяси репрессиялардың барлық құрбандарының құқықтарын қалпына келтіру туралы» КСРО Президентінің Жарлығы, сонымен қатар 1993 жылдың 14 сәуіріндегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және т.б. 2016 жылы ашылған Ішкі істер министрлігі сайтында репрессияға ұшырап ақталғандардың саны 110 мыңнан асады.

Алайда, бұл тұста ескеретін біршама мәселелер бар. Ақталғандардың саны белгілі, бұлар негізінен кезінде РСФСР 1926 жылғы Қылмыстық кодексінің 58 және 59-баптарының «контрреволюция», «антисоветтік насихат пен әрекет», «шпионаж» және т.б. тармақтары бойынша сотталғандар. Дәстүрлі дін өкілдерін, әсіресе имамдар мен ишандарды арнайы науқан ұйымдастыру арқылы салық төлемегені үшін деген және т.б. баптармен де соттаған. Ал сотсыз атылып кеткендер қаншама. Біз Шәкәрім қажы сияқты танымал адамдардың жағдайын білеміз, ауызша айтылып жүрген уақиғалар қаншама. Қылмыстық істерден өзге ашаршылық пен босқынға ұшырағандарды да репрессия құрбандары санатына енгізу қажет.

Мысалы, Абдусаттор Нуралиевтің «Тәжікстандағы қазақтар» еңбегінде сол елдің «Шахидон» атты мекенінде дін үшін 500 қызыл әскермен шайқасып, шейіт болып кеткен 30 қазақ азаматы туралы айтылады, қазақ жерінен қудаланып, Тәжікстанда дін ғұламалары ретінде танылған Алимұхаммед ахун (Аппак ишанның баласы), Бабай ишан (түбі сырдариялық тереңзектік), Сағидолла молда (түбі актөбелік) туралы мәліметтер беріледі. Сондай-ақ Мысыр мен Саудияда танымал болған Тарази туралы ақпараттар белгілі.

Мұнымен ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің мүшесі, Нұр-Мұбарак университеті Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры Шамшәдин Керім өңірлік комиссия мүшесі ретінде зерттеумен айналысып жүр. Осы кісінің жетекшілігімен дінтанушы Темур Аманқұл «Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам» атты докторлық диссертация сәтті қорғалғанын айта кету керек.

Қазақстанда 1920-1930 жылдары 300-ден астам көтеріліс болса, солардың көпшілігінің басында қожа молдалар мен имам, ишандар тұрды (мысалы, Қызылордадағы Ақмырза ишан көтерілісі, Созақтағы «Аллаһу» көтерілісі және т.б.). Тағы айта кететін жағдай, ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Алматыда «Тәуелсіздік және Ислам» атты ғылыми конференция ұйымдастырды. Сол мәжіліс барысында да келелі мәселелер қарастырылып, ұтымды ұсыныстар айтылып, кейін комиссияның жұмысы барысында ескерілді [5].

КСРО құлап, кеңестік билік өз күшін жойған соң, Қазақстанда өмір сүріп жатқан діндер мен конфессиялар да республика тәуелсіздігімен қатар тәуелсіздік алғандай сезінді. Жетпіс жыл бойы адам санасына діннің күні бітті деген ойларды сіңірген, дінсіз Кеңес үкіметі құлаған соң, саяси құрсаудан құтылған халық ой еркіндігін алғаннан кейін, қоғамдық санада діни мәселелермен байланысты ізденістер пайда болды. Сондықтан осы бір қайғылы-қасіретті кезеңімізді еске қайта оралып, жазықсыз қудаланғандар ақталып, халық діндарлардың дін жолындағы қызметімен танысуға мүмкіндік алды.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1.Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. Кеңес және тәуелсіз Қазақстан тарихы. – Алматы: Дәуір 2009. - 448.б.
- 2.Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар 1999. - 252 б.
- 3.Стабильность и безопасность Казахстана на стыке веков.Религиозный экстремизм – угроза стабильности страны, - Астана: Елорда 2000. – 193 с.
4. Из истории Католической Церкви в Казахстане
<https://archive.md/20121225053447/www.liguori.narod.ru/bibl8.html>
- 5.Бақытжан Сатершинов: Дін қайраткерлерін ақтау-біздің міндет
<https://kazislam.kz/baqytzhan-satershinov-din-qajratkerlerin-aqtau-bizding-mindet/>